

"2024 жылға басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 76 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 246 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 қазанда № 5238-08 болып тіркелді

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2024 жылға басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 76 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5189-08 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Карашукеев

Жамбыл облысы әкімдігінің

2024 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

Жамбыл облыс әкімдігінің

2024 жылға "3" сәуірдегі

№ 76 қаулысына 2-қосымша

2024 жылға басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар нормалары

№	Басым дақылдар атауы	Өлшем бірлігі тонна, гектар	Субсидия нормасы, тенге
1	Қант қызылшасы	тонна	25 000
2	Қант қызылшасы (Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ақсу қант	тонна	45 000

	зауытына тасымалданған өнім үшін)		
3	Дәндік жүгері	тонна	20 000
4	Майлы дақылдар:	тонна	20 000
-	оның ішінде күнбағыс	тонна	20 000
-	оның ішінде мақсары	тонна	20 000
5	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөністер	гектар	5 000 000
6	Фермерлік жылыжайдағы көкөністер	гектар	3 000 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК